

## **"Орталық Азия Ынтымақтастығы" ұйымына мүше мемлекеттердің Сыртқы істер министрлері кеңесінің отырысын дайындау және өткізу туралы**

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2004 жылғы 25 тамыздағы N 240-ө  
Өкімі

"Орталық Азия Ынтымақтастығы" ұйымының шеңберінде ынтымақтастықты дамыту және "Орталық Азия Ынтымақтастығы" ұйымына мүше мемлекеттердің Сыртқы істер министрлері кеңесінің отырысын дайындау және 2004 жылғы 27-28 тамызда Астана қаласында өткізу жөніндегі ұйымдастыру-протоколдық іс-шараларын қамтамасыз ету мақсатында:

1. Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі:

"Орталық Азия Ынтымақтастығы" ұйымына мүше мемлекеттердің Сыртқы істер министрлері кеңесінің отырысын (бұдан әрі - отырыс) дайындау және 2004 жылғы 27-28 тамызда Астана қаласында өткізу жөніндегі протоколдық-ұйымдастыру іс-шараларын қамтамасыз етсін;

ресми делегациялар мүшелерінің қонақ үйде тұруына 2004 жылға арналған республикалық бюджетте 006 "Өкілдік шығындар" бағдарламасы бойынша көзделген қаражат есебінен 835584 (сегіз жүз отыз бес мың бес жүз сексен төрт) теңге сомасында қаражат бөлсін.

2. Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі, Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік комитеті (келісім бойынша) ресми делегациялар мүшелерінің әуежайдағы, тұратын және болатын орындарындағы қауіпсіздігін, сондай-ақ жүретін бағыттары бойынша бірге жүруді қамтамасыз етсін.

3. Қазақстан Республикасының Ақпарат министрлігі отырысты бұқаралық ақпарат құралдарында жария етуді қамтамасыз етсін.

4. Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігі белгіленген тәртіппен:

Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігімен бірлесіп Қырғыз Республикасының, Тәжікстан Республикасының, Өзбекстан Республикасының және Ресей Федерациясының Сыртқы істер министрлері арнайы ұшақтарының Қазақстан Республикасының аумағы үстінен ұшып өтуін және Астана қаласының әуежайына қонуын және ұшып шығуын;

Астана қаласының әуежайында арнайы ұшақтарға техникалық қызмет көрсетуді, олардың тұрағын және жанармай құюды қамтамасыз етсін.

5. Астана қаласының әкімі ресми делегацияларды күтіп алу мен шығарып салу, Астана қаласының әуежайы мен көшелерін безендіру, мәдени бағдарламаны, сондай-ақ

Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрінің атынан ресми қабылдауда концерттік бағдарламаны ұйымдастыру жөніндегі ұйымдастыру іс-шараларының орындалуын қамтамасыз етсін.

6. Осы өкімнің іске асырылуын бақылау Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігіне жүктелсін.

*Премьер-Министр*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМҚ